



Автор: Мамашәріпов Әсемғали Шәріпқалиевич

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі

Тақырып: Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары

Зерттеу сұрағы	Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?
Қол жеткізілетін оқу мақсаты	5.2.3.1. Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу.
Сабақ мақсаты	Оқушылардың барлығы: – Алғашқы адамдардың территориясын және уақыт шеңберін көрсетеді. – Археология ғылымы мен археолог мамандығының маңыздылығын түсінеді, қазақстандық археологтардың жаңалықтарын жазба кестеге түсіреді. Оқушылардың көпшілігі: – Тас дәуірі кезінде алғашқы адамдардың тұрақтардан табылған құралдарына қарап қандай шаруашылықпен айналысқанын анықтайды. – Археологиялық олжалардың фото суреттерін көрсетіп, алғашқы адамдар бұл құралдарды не үшін қолданғанын түсіндіреді, тарихи деректермен жұмыс жасайды, дәлел ретінде одан маңызды ақпарат алады. Оқушылардың кейбіреулері: – Алғашқы адамдардың ескерткіштеріне қарап мәдени даму тарихын анықтап, тұжырым жасайды.
Ойлау деңгейі	Білу, түсіну
Бағалау критерийлері	Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын біледі. Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдардың табылған аумағын және уақыт шеңберін картадан көрсетеді, «археология» ұғымына жан-жақты баға береді. Адамдардың даму сатысындағы жеткен жетістіктерін сараптап жіктейді.
Тілдік мақсаттар	– Оқушылар картамен жұмыс жасайды, кесте толтырады; – Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары туралы әңгімелейді; – Қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтары туралы графикалық оргайзер толтырады; – мәтінді оқиды,талқылайды. Пәнге тән лексика мен терминология: артефакт, тұрақ. Талқылауға арналған тармақтар: – Археология ғылымы мен археолог мамандығы, он(ың) маңыздылығы туралы не білесіздер? – Қазақстандық археологтардың қандай жаңалықтарын білесіздер? – Адамзаттың өткен тарихын білуде археология ғылымы мен археолог жұмысының маңызы неде? – Археологиялық олжалардың жасын анықтауға байланысты қандай археологиялық әдістерді білесіздер? Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің ескерткіштері... Біздің анықтағанымыз... Қорытындысында... Біздің тобымыздың ойынша... Осыған қарағанда мынау маңыздырақ болды.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік Ел» алтыншы құндылық – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Адамзаттың өткен тарихын білуде қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарының маңызын біледі.
Пәнаралық байланыс	География, Дүниежүзі тарихы.
Алдыңғы білім	Ежелгі адамдардың өмір-салты. Тақырыпқа қатысты лексика мен терминология.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (2 минут)	Ұйымдастыру шаралары (сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, тиянақтылығын қадағалау). Білім алушылардың зейінін сабаққа аудару, сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу. Білім алушыларды реттік сан арқылы 3 топқа бөлу. БЫМ Археологтардың қазба жұмыстарының сәті және тас құралдары бейнеленген суреттері ұсынылады.	5db414f3c118a.jpg Image not found or type unknown Археологтардың жұмысы: https://bilimland.kz/kk/courses/dunie-zhuzi-tarixy/tarixtyng-maqsaty/lesson/arxeologiya-zhane-tarixi-obektilderdi-saqtau
----------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (30 минут)	«Иллюстрация» әдісі. Суретпен жұмыс. Сыныпқа келесі сұрақтар қойылады: – Суреттерде не бейнеленген? – Бұл тас құралдарды кімдер және қалай жасады? – Бұл тас құралдар не үшін қолданылған? – Бұл олжаларды археологтар қалай тапты деп ойлайсыздар? – Көне ескерткіштерді зерттеудің маңыздылығы неде? – Тарихты заттай деректер арқылы зерттейтін ғылым қалай аталады? ҚБ: Мадақтау әдісі. Диалог. Ашық сұрақтар. Түрлі балаларға әртүрлі сұрақ қойып, түрліше жауап береді. Оқушылардың болжам жауаптарын тыңдаған соң, сабақ тақырыбымен, мақсатымен, бағалау критеритерийлерімен таныстыру. – Балалар! Сабақтың мақсаты, бағалау критеритерийлері түсінікті болды ма? М Картадан Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің ескерткіштерін көрсетіп, таныстырылады: – Қаратау жотасынан табылған тұрақтар; – Маңғыстаудағы Шақпақата; – Атбасар неолиттік тұрағы; – Орталық Қазақстандағы Батпақ тұрағы. Деректермен жұмыс: тарихи деректерді зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табу. Осы ескерткіштер жайлы ықшамдалған мәтін таратылады. Оқушылар жоғарыдағы тұрақтармен танысып болғаннан кейін, жалпы «тұрақ», «артефакт» терминдері қандай мағына білдіретіні сұралады. Оқушылардың жауаптары тыңдалып, толықтырылады. ҚБ «Бас бармақ» Қарқын арқылы саралау және ресурстар. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оқудың немесе зерттеудің жоғары дағдыларын талап ететін әртүрлі ресурстармен қамтамасыз етіледі. Б Оқушылар мәтіннің көмегі арқылы «Ақпараттық органайзер» құрастырады. Органайзерде келесі айдарлар болады: тұрақтардың хронологиясы, орналасқан аймағы, табылған еңбек құралдары мен ерекшелігі. ТұрақтарХронологияОрналасқан аймақЕңбек құралдарыЕрекшелігі Қаратау Шақпақата Атбасар Батпақ 1,2 бағаналарды оқушылардың барлығы, 3, 4 бағаналарды кейбір оқушылар толтырады. Тапсырманы күрделендіру арқылы: ҚБ: Детектор арқылы өзін-өзі бағалау: – Тұрақтардың хронологиясын біледі. – Тұрақтардың орналасқан аймағын көрсетеді. – Табылған еңбек құралдарын ажыратып, сипаттайды. – Тұрақтардың ерекшелігін сипаттап, ажыратады. ҚБ «Өзін-өзі бағалау» Ж Жұптарға тас дәуірінің еңбек құралдары мен қару-жарақтардың суреті бар үлестірме қағаздар ұсынылады. Берілген үлестірме қағазға оқушылар еңбек құралы және қару-жарақтың атауын, қолданылуын, жасалу технологиясын жазулары тиіс. Еңбек құралдары. 1. 2. 3.	Интерактивті тақта Адам және оның ата-бабалары: https://bilimland.kz/kk/content/structure/2150-dunie_zhuzi_tarixy#lesson=16639 Алғашқы еңбек құралдары: https://bilimland.kz/kk/content/structure/2150-dunie_zhuzi_tarixy#lesson=16641 Суреттер Тарихи дерекнамалар: https://bilimland.kz/kk/content/structure/2150-dunie_zhuzi_tarixy#lesson=16612 Ата-бабаларымыздың өмірі: https://bilimland.kz/kk/content/structure/2150-dunie_zhuzi_tarixy#lesson=16640 Тақта Сөйлемді керекті сөздермен толықтырыңыздар: https://bilimland.kz/kk/content/structure/2150-dunie_zhuzi_tarixy#lesson=16640 Карта: Тас дәуіріндегі Қазақстан Оқулық Кесте
---------------------------------------	--	--

Сабақтың соңы (3 минут)	Жердің геологиялық тарихында қандай өзгеріс орын алды? Кері байланыс: «Кемпір қосақ әдісі» 1. Мен орындай аламын. 2. Мен үйрендім. 3. Менің жауап беруіме қиналдым. 4. Менің қолымнан келді. 5. Маған қызықты болды. 6. Мені таңғалдырды. 7. Бүгін мен білдім.	
Үй тапсырмасы (1 минут)	Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары мазмұндау. Қосымша «Палеолит дәуіріндегі Қазақстан» тақырыбына ауызша хабарлама тағайындау.	
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс; денсаулықжәне қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі)

№1 («Иллюстрация» әдісі, суретпен жұмыс. Диалог/Ашық сұрақтар. Балаларға әртүрлі сұрақтар қойып, түрліше жауап береді. №2. Деректермен жұмыс. Ресурстар және қарқын арқылы саралау. Балаларға ортақ тапсырма беріледі, бірақ оқудың немесе зерттеудің жоғары дағдыларын талап ететін әртүрлі ресурстармен қамтамасыз етіледі. №3. «Ақпараттық органиайзер» әдісі. Кестеге міндетті екі бағана, міндетті емес екі бағананы толтыру. №4. Тапсырма. Әртүрлі деңгейлі тапсырмалардан тұратын үлестіріме қағаздар арқылы сараланады. №5. «Елші» әдісі. Дағдысы жоғары оқушылар дағдысы төмен оқушыларға қолдау көрсетеді.)	№1. ҚБ. «Мадақтау» әдісі арқылы бағалау №2. ҚБ. «Бас бармақ» арқылы бағалау №3. ҚБ. Өзін-өзі бағалау №4. ҚБ. Дескриптор арқылы жұптық бағалау №5. ҚБ. Дескриптор арқылы топтық бағалау №6. Рефлексия «Ойлаудың бес гүлі» әдісі арқылы №7. Кері байланыс (ауызша)	«Жүрек жылуы» (психологиялық тренинг) – оқушылар бір-біріне жылы лебіз айтады. Кабинетте жұмыс істеу техникасы ескертіледі. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай беріледі.
--	---	--